

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нұр-Сұлтан, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

**2020 жылғы 3 маусымда  
жарияланды**

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А.Ұ. Маминге**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!**

16 наурыздан бастап біздің еліміз төтенше жағдай режимінде тұрып жатыр, осыған байланысты қатаң карантиндік шаралар қабылданды. Президент өз сөзінде: «Біз жергілікті жердегі орын алған нақты жағдайға байланысты әрекет етеміз, және өз қиындықтарымен ешкім де бетпе-бет қалмайды» атап айтты. Қазіргі уақытта, көпшілігі елдің оңтүстігінде орналасқан жылыжай шаруашылықтары туралы сөз болып отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, республикада шамамен 1272,9 га жылыжай, оның ішінде 212,3 га ірі өнеркәсіптік, жалпы алғанда 5000-нан астам адам жұмыс істейді. Карантин кезеңінде барлық жылыжай шаруашылықтары жұмыс күшінің орын ауыстыруы бойынша қиындықтарды бастан кешіруде, сондай-ақ тіршілік әрекетінің барлық түрлерінің (азық-түлік базарлары, көкөніс дүкендері, кафелер мен мейрамханалар) тоқтауына байланысты өнімге сұраныстың болмауына байланысты болып отыр. Мысалы, бүгінгі күні қиярлардың бағасы бір кг үшін 100 теңгеден аспайды, ал өнеркәсіптік жылыжайлардағы өзіндік құны 250 теңгеден асады, бұл өз кезегінде жұмыс орындарын қысқартуға мәжбүрлейді. Уақыт ауыл шаруашылығы біздің негізгі ресурсымыз екенін көрсетті, бірақ ол толық көлемде пайдаланылмай отыр.

Бұл мәселе Мәжіліс қабырғасында Ауыл шаруашылығы министрінің атына сауал түрінде бірнеше рет көтерілді, бірақ осы уақытқа дейін біз мемлекеттің қолдауын көріп отырған жоқпыз.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес төтенше жағдай кезеңінде қарыздар мен кредиттерді төлеу бойынша кейінге қалдыру түрінде шағын және орта бизнес бойынша бірқатар кешенді шаралар қабылданды, бұл бизнеске түсетін жүктемені нақты жеңілдетеді, алайда борыш одан қысқартылмайды.

Осыған қарамастан, сала дамып келеді, дегенмен Ауыл шаруашылығы министрлігінің саясаты ауыл шаруашылығы өнімдерінің көптеген түрлеріне субсидияларды қаржыландыруды төмендету бойынша жұмыс жүргізу болса да, оның ішінде ең қажет ететіні маусымаралық кезеңде қорғалған топырақта өсірілетін көкөністер болып табылады.

2010 жылдан бастап Ауыл шаруашылығы министрлігінің субсидиялау қағидаларына сәйкес жергілікті атқарушы органдар 1 гектарға 1,3 млн. теңге есебінен жылыжайлардың шығындарын өтеуге қаражат бөлді.

2017 жылдан бастап қорғалған топырақта дақылдарды өңдеп өсіруді субсидиялау қағидалары өзгерді. Шығындарды өтеу жылыжай шаруашылықтары үшін маусымаралық, яғни қысқы кезеңде көкөніс дақылдарын өсіруіне көзделген болатын. Алайда, 2018 жылы қорғалған топырақта көкөніс өсіруге жұмсалған шығындарды өтеу мүлде тоқтатылды.

Өндірістік жылыжайларды ұстау әдеттегі пленкалық жылыжайларға қарағанда әлдеқайда қымбат болады, өйткені үй-жайдың ішінде үнемі 24 градус температура сақталу қажет, оған қоса фотосинтез үшін қосымша жарық керек. Қорыта келе, бүкіл жылыжай кешенін жылыту туралы айтпағанда, осы жылыжайдың бір гектарына 700-ден 1800 кВт/сағ дейін электр энергиясы қажет болады.

Төтенше жағдай кезінде бұл сала көп зардап шекті, нәтиже – мемлекеттен қолдау болмайынша қорғалған топырақ өнімі экспортта ғана емес, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Грузия, Иран және Түркиядан келген өнімдермен қатар импортты алмастыруға да бәсекеге қабілетті болмайды.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Жоғарыда айтылғандарға байланысты:

- Ауыл шаруашылығы министрлігі бір жылға несие беру арқылы жылыжайлар үшін сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыруы керек, сондай-ақ өнеркәсіптік жылыжайларға топырақтың барлық шығындарының (тұқымдар, тыңайтқыштар, химикаттар, көмір, гидропоника және басқалары) субсидияларын жаңарту қажет;

- Энергетика министрлігі электр энергиясы бойынша дифференциалды тарифті қарастыру қажет деп санаймын.

Бұл міндеттерді шешу өнеркәсіптік жылыжайлар санын ұлғайтуға, бұл өз кезегінде маусымаралық кезеңінде көкөніс бағасын ұстап тұруға, сондай-ақ жұмыс орындарын сақтауға мүмкіндік береді.

Қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы заңнамада белгіленген мерзімдерде жазбаша түрде хабарлауыңызды сұраймын.

**Құрметпен,  
«Nur Otan» партиясы Фракциясының мүшесі**

**С. Қаныбеков**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

**Оглашен 3 июня 2020 года**

**Премьер-Министру  
Республики**

**Казахстан**

**Мамину А.У.**

## ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

**Уважаемый Аскар Узакпаевич!**

С 16 марта наша страна живет в режиме чрезвычайного положения, в связи с этим, приняты жесткие карантинные меры. Цитирую слова Президента: «Мы действуем в зависимости от конкретной обстановки на местах, далее никто не останется один на один со своими проблемами». На данный момент речь идет о тепличных хозяйствах, большинство которых расположены на юге страны. По республике, согласно данных Министерства сельского хозяйства функционируют порядка 1272,9 га теплиц, из них 212,3 га крупные промышленные, где в общей сложности работают более 5000 человек. В период карантина практически все тепличные хозяйства испытывают сложности по перемещению рабочей силы, а также из-за отсутствия спроса на продукцию связанную из-за остановки всех видов жизнедеятельности (продовольственные рынки, овощные магазины, кафе и рестораны). К примеру, цена на огурцы сегодня не превышает 100 тенге за кг, когда себестоимость в промышленных теплицах составляет более 250 тенге, что в свою очередь заставляет идти на сокращение рабочих мест. Время показало, что сельское хозяйство наш основной ресурс, но оно используется далеко не в полной мере.

Этот вопрос неоднократно поднимался в стенах Мажиліса в виде запроса на имя министра сельского хозяйства, на что мы так и не увидели государственную поддержку.

Согласно поручения Главы государства в период чрезвычайного положения приняты ряд комплексных мер по малому и среднему бизнесу в

виде отсрочки по выплатам займов и кредитов, что реально облегчило нагрузку на бизнес, тем не менее долг от этого не сокращается.

Несмотря на это, отрасль развивается, хотя политика Министерства сельского хозяйства проводит работу по снижению финансирования субсидий на многие виды продукции сельского хозяйства, одним из востребованных которой являются овощи, выращиваемые в защищенном грунте в межсезонье.

Начиная с 2010 года на основе правил субсидирования Министерства сельского хозяйства местные исполнительные органы выделяли средства на компенсацию затрат теплиц из расчета 1,3 млн. тенге на 1 га.

С 2017 года изменились правила субсидирования защищенного грунта. Затраты покрывались тем тепличным хозяйствам, которые выращивали овощную культуру в межсезонье, т.е. в зимний период. А в 2018 году вовсе прекратили возмещение расходов на выращивание овощей в защищенном грунте.

Содержание промышленных теплиц обходится на много дороже, чем обычные пленочные, так как внутри помещения постоянно должна поддерживаться температура 24 градуса, плюс дополнительный досвет для фотосинтеза. Итого, на один гектар такой теплицы потребуется от 700 до 1800 кВт/час электроэнергии, не говоря об отоплении всего тепличного комплекса.

За время чрезвычайного положения это отрасль больше всего пострадала, итог-без государственной поддержки продукция защищенного грунта не будет конкурентноспособной не только в экспорте, но и в импортозамещении, наряду с продукцией из Узбекистана, Киргизии, Азербайджана, Грузии, Ирана и Турции.

Уважаемый Аскар Узакпаевич!

В связи с вышеизложенным, считаю необходимым:

- Министерству сельского хозяйства пересмотреть процентные ставки тепличным хозяйствам с отсрочкой по займам на один год, а также возобновить субсидирование по всем видам затрат защищенного грунта (семена, удобрения, химикаты, уголь, гидропоника и тд.) именно промышленным тепличным хозяйствам;

- Министерству энергетики предусмотреть дифференцированный тариф по электроэнергии.

Решение этих задач позволит увеличить количество промышленных теплиц, что в свою очередь позволит сдерживать цены на овощи в период межсезонья, а также даст возможность сохранения рабочих мест.

О результатах рассмотрения и принятых мерах прошу сообщить письменно в установленные законодательством сроки.

**С уважением,  
член Фракции партии «Nur Otan»  
Каныбеков**

**С.**